№75 (10065)
21 қыркүйек,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аймақ жаңалықтары

Тамшылатып суару – тиімді тәсіл

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапары кезінде «Таң ЛТД» ЖШС-ның егін алқабына барды. Серіктестік «Таушұқыр» учаскесіндегі 5000 гектар жердің 800 гектарына тамшылатып суару әдісімен жүгері еккен. Бұл бағытқа 16 шақырым жерден электр желісі тартылған. Нақтырақ айтсақ, 8 экскаватор, 3 тиегіш, 1 бульдозер, 8 жер айдайтын техникасы бар, 65 адам жұмыспен қамтылған. Мұнан бөлек тамшылатып суару үшін 160 шақырым құбыр әкелінген.

Сондай-ақ жүгеріні кептіретін қондырғыға «Бестам» ауылдық округінен жер табысталған. Алдағы уақытта тиісті инфрақұрылым облыстық бюджет есебінен жүргізіледі. Нысан іске қосылған соң тамшылатып суару әдісімен егілетін жүгері және басқа да дақылдарды 3 мың гектарға жеткізу жоспарлануда. Ол кезде 50 адам тұрақты жұмысқа тұрады. Кептіргіштің барлық жабдықтары маусым айында әкелінген, ал құрылысы шілде-қыркүйек айында жүргізіліп, ел игілігіне беріледі.

Аймақ басшысы компанияның озық тәжірибесін басқа шаруашылықтарға таратуды және енгізуді ұсынды. «Таң ЛТД» секілді жаңа бағыттарды қолға алып, жұмыс орындарын ашатын шаруа қожалықтарға жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.

«ЖЖ» ақпарат

Аңдатпа

Қазақ әскерінің айбыны қандай?

Соңғы уақытта ата-аналар балаларын әскерге жібергісі жоқ. Неліктен? Жасыратыны жоқ, бүгінде әскерде белгісіз күйде жан тапсырған жас сарбаздар туралы жаңалықты жиі еститін болдық. Әскердегі осындай жауабы жоқ былықтар, жемқорлық, сарбаздар арасындағы әлімжеттік, тәртіпсіздік секілді іс-әрекеттер қоғамда резонанс тудыруда. Орталық Азия барысы атанған Қазақ әскерінің мұндай халге душар болуына не себеп? Тарқатайық...

4

Мәжіліс

Баға бақылауда бола ма?

Соңғы уақытта аймақта сұйытылған газ тапшылығы болып жатыр. Оған газ құю бекеттерінде ұзын-сонар кезекте тұрған көліктер дәлел. Осы ретте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен автогаз бекеттері арқылы сұйытылған мұнай газын сату мәселесі бойынша мәжіліс өтті.

Айта кетейік, Энергетика министрлігінің 26 маусымдағы №233 бұйрығына сәйкес сұйытылған газдың бағасы шілдеден бастап өскен. Нақтырақ айтсақ, өңірде шекті бөлшек сауда бағасы 1 литр үшін 70, ал облыс орталығынан 200 шақырымнан астам қашықта орналасқан шалғай аудандарда 1 литрі 75 теңгені құрады. Аймақ басшысы бағаны негізсіз өсіруге болмайтынын және тапшылық орын алмау қажеттігін қатаң ескертті.

2 →

Ауыл өнімі

Назкеннің наубайханасы

Бұрын жергілікті жұрт ауылдық жерде кәсіп ашқаннан жалақыға жұмыс істегенді құп көретін. Қазір ше, бүгінде қоғамның көзқарасы мүлде басқа, қаланың қазағы да, ауылдың қазағы да кәсіп ашып, табысын еселеуге талпынып келеді. Бұл түсінік қай жағынан қарасақ та тиімді, ауылда айлыққа жұмыс әкімдік, мектеп пен мәдениет үйінде ғана бар, мұнан кейін ауылдық емхана тағы бар. Ал шаруашылықтар күрішін жинап алғаннан кейін еңбек адамдары 4-5 ай тағы бос жатады. Мұндай маусымдық жұмыстар бірлі-жарым табылар, оның өзі санаулы. Ал қалған жұрт қайтпек керек? Міне, осынша сауалдың түйінін тарқатуда аталған саланың серпін алуы ерекше маңызға ие.

Қазір бұрынғыдай емес, ауылдық жерде де кез келген өнімге сұраныс бар. «Ауылда бәрі бар» дейміз, бұл сөзге таласымыз жоқ. Шынында ауылда бәрі бар, бірақ сол баршылықты тұтынуға дейінгі өңдеу жұмысы ақсап тұр. Бір жағынан қалалық өмірге бет бұрып, қорада мал ұстап, бос жатқан жерге бақша салуға да басымыз ауыратыны тағы бар. Ал бұл – кәсіп бастап осындай шаруаларды ширатамын дегендерге таптырмас мүмкіндік.

Есет батыр ауылында бұрыннан кәсіпкерлік саласы ілгерілеп келеді. Бірақ бір сарында, яғни кәсіп ашқан іскер азаматтардың дені күріш егеді, мал бордақылайтын. Табысын тек бір саладан тауып отыр. Бірақ соңғы жылдары Аламесекте сала айтарлықтай түрленген. Бұған дейін ауылда шаштараз ісін қолға алған кәсіпкердің жұмысын жазғанбыз. Кеше Айзат Сағызбаева ауылда бөдене өсіріп, құс шаруашылығын қолға алды. Енді бұл елді мекенде тағы бір шағын цех ашылды дегенді естіп, ауылға ат басын бұрдық.

Назкен Сұлтанова бұған дейін де Есет батырда наубайхана ашуды жоспарлаған. Бұл ой ауыл тұрғынына жайдан-жай келмейтіні тағы да түсінікті. Үй шаруасына мығым батыр ана бұған дейін ауылда қарабайыр бір тапалық пешпен-ақ өз өнімін тұтынушыларға ұсынып келген. Уақыт өте сұраныс артып, ақыр соңында олардың басым бөлігінен бас тартуға тура келді. Олай болмағанда ше, бір тапалық пешпен тұтас ауыл тұрғынын өніммен қамтамасыз ету қанша ұйқтасаңыз да түсіңізге кірмейді.

Жалпы қай істі де үйлестіру нәзік-жандылардан артылған ба, кейін Назкен Қойшыбайқызы бұл тығырықтан шығудың да амалын тауыпты. Рас, құрал-сайманың, қажетті аппараттарың сай болса, бір емес, бірнеше ауылға өз өніміңді сатуға болады. Ал мұндай мүмкіндік тек қалтасы көтеретін азаматтарда ғана болатыны тағы да түсінікті. Не керек, бұл мәселені шешіп, өз ісін өрістетуде Назкен Сұлтанова мемлекеттік бағдарламаның көмегіне жүгінген.

Құдайдың қарасқаны дейміз бе, абырой болғанда ауыл тұрғынының жарқын жобасы қаржылай қолдау тапқан. Яғни алты баланың анасы 1 млн 476 мың теңге мемлекеттен грант алыпты. Кеше алтынқұрсақты ананың шағын цехында болып, кәсіпорынның жұмысымен таныстық. Ол мемлекет қолдауын мақсатты жұмсамаса, наубайхана ісі дәл бұлай ширамас еді. ауыл тұрғынының талабына риза болдық. Алдына мақсат қойды және сол мақсатқа жету жолында қаншама еңбектенді, бүгінде соның жемісін көріп отыр.

– Ауыл да қазір қала сияқты, кез келген өнімге сұраныс бар. Осы мүмкіндікке қол жеткізу үшін алдымен іздену керек, содан кейін еңбек тағы керек. Бұл менің өмір тәжірибемде түйгенім десем де болады. Мен бұл наубайхананы ашпай тұрып тұтынушы жинағанмын. Кейін олардың қатары көбейгесін осындай кәсіп қылып отырмын. Қажетті аппараттар құны 2 млн теңгені құрайды. Мұндай қаражат ауылдағы ағайынның барлығында бола бермейді. Ал мемлекеттің гранты осындайда таптырмас мүмкіндік екен. Шыны керек, жобам жинақы әрі үлкен ізденіспен жасалды. Бізде баяғыдан қалған «Қайтарымсыз қаражат қайдан болсын?» деген таптаурын түсінік бар ғой. Сол сияқты мен де жобамның қаржылай қолдау табатынына қатты сенгенім жоқ. Абырой болғанда қайтарымсыз қаражат алдым, арты осындай үлкен іске айналып отыр, – дейді Назкен Қойшыбайқызы.

Кейіпкеріміз тиісті қаражатты тойға шашып, мақсатсыз игерген жоқ. Керісінше ауылдағы ағайынның той-томалағы мен құдайы астарына жайылған дастарқанның берекесі Назкеннің өнімімен артып тұр. Ол шағын цехқа қажетті заманауи аппараттарды арнайы Алматыдан алдырған. Нан көметін үлкен пеш, қамыр илейтін, арнайы құрылғы, бәрі-бәрі бар. Тіпті әр қаліпке салынатын қамырға дейін таразыға тартылады.

Кәсіпкер келіншек күніне екі мезгіл өнім шығарады. Түске дейін 50, түстен кейін 50 тандыр нан пісіреді екен. Негізі қыруар өнім ысырап болмас үшін ауылдағы дүкендермен жұмыс жасаған дұрыс қой. Бірақ Назкеннің нанын тұтынушылар үйден-ақ таласып алып кетеді екен.

– Қазір тек тандыр нан пісіріп отырмын. Мұнан бөлек күніне 20-30 бөлке нан шығарамын. Қазір бөлке нанның қаліпі санаулы, сондықтан тапсырыс беріп қойдым. Алдағы айда қаліптер келеді, сол кезде өнім көлемін ұлғайтамын, – дейді ол.

Назкен жай күндері 100-130 нан өтетінін айтады, ал той-томалақ, құдайы астарда арнайы тапсырыс та түседі екен. Батыр ана бүгінде үй жанынан ашқан шағын цехпен соның барлығын қамтамасыз етіп отыр.

Аламасектегі ағайын бүгінде үй жанынан ашылған аядай цехты «Назкеннің наубайханасы» деп атап кеткен. Алты бала тәрбиелеп өсірген батыр ана тұтынушыларын тәтті тоқашпен қамтамасыз етіп, үй шаруасын да ширатып отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сессия

Келелі мәселелер қаралды

Бүгінде ауданда 1 аурухана, 1 емхана, 12 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет пен 2 медициналық бекет бар. Аудан тұрғындарына 21 жалпы тәжірибелі дәрігер медициналық қызмет көрсетеді. Бұл туралы аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Индира Нағашыбайқызы аудандық мәслихаттың кезекті XXIV сессиясында кеңінен тарқатты.

4 138 адам емделіп шыққан

Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2022-2023 жылы Ақсу, Таң, Мырзабай ахун және Есет батыр ауылдарында жаңа емхана салынып, халық игілігіне пайдалануға берілді. Қазіргі таңда Қаракеткен елді мекенінде дәрігерлік емхана салынуда. Сондай-ақ биыл ауданға 7 санитарлық автокөлік беріліп, елді мекендерге таратылды. Жыл соңына дейін 5 санитарлық автокөлік беріледі деп жоспарлануда.

Аудандық аурухананың «Бекітілген халық тіркелімі» ақпараттық жүйесіне 32 189 адам тіркелген, оның 12 429-ы – бала. 8 айда 10 162 алғаш аурушаңдық жағдай тіркелген. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырсақ, алғаш тіркелген аурушаңдық көрсеткіші 5,9 пайызға жоғарылаған. Атап айтқанда, алғаш рет тіркелген аурулардың ішінде I орында тыныс алу жүйесінің аурулары тұр. Бұл кеселмен 2 241 жағдай тіркеліп, былтырғымен салыстырғанда 7,4 пайызға өскен. Ал II орында жүйке жүйесінің аурулары тұр. Мұндай 1032 жағдай тіркеліп, былтырғымен салыстырғанда 5,3 пайызға өскен. Үшінші ас қорыту жүйесі аурулары түйіндейді, мұндай 830 жағдай тіркеліп былтырғы жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 3 пайызға көбейген.

– Ауылдық денсаулық сақтауды дамыту және медициналық тексерулер қолжетімді болу үшін профилактикалық медициналық қарап тексеруге жататын нысаналы топтарға қызмет түрін жақсарту мақсатында «Автобус» маркалы жылжымалы медициналық кешенімен 11 392 адам медициналық тексерулерден өтті. Жылжымалы медициналық кешен консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсету үшін барлық қажетті құрал-жабдықтармен жарақталған. Осы «дөңгелекті емхананың» арқасында ең шалғай елді мекендердің тұрғындары кардиограмма, УДЗ, скрининг-тік тексерулерден өтіп, сонымен қатар дәрігерлерден кеңес және ауруханаға жатқызуға, жеке медициналық мекемелерде емделуге жолдамалар алады. Медициналық көмекті терапевт, офтальмолог, оториноларинголог, гинеколог, хирург, невропатолог, стоматолог, эндокринолог, психолог, рентген лаборант және басқа мамандар жүргізді, – дейді И.Нағашыбайқызы.

Айта кетейік, бүгінде ауданда 93 дәрігер бар. Биыл 10 дәрігер жұмысқа қабылданған. Алайда әлі де кадр тапшылығы 4 маманды құрайды. Тарқатып айтсақ, 1 рентгенолог дәрігер, 1 УДЗ дәрігер, 1 балалар хирург дәрігері және фтизиопедиатр дәрігері жетпейді. 2021 жылы жаңа аурухананың халық игілігіне пайдалануға берілуімен қатар хирургиялық оталарды жасауда дәрігерлер жылжымалы рентгендиагностикалық «Radius» аппаратын қолдана отырып, травматология-ортопедиялық оталарды кіші инвазивті тәсілмен кең көлемде жүргізуде.

Сонымен қатар хирургия бөлімі де қажетті құрал-жабдықпен жарақталды. 2020 жылдан бастап аудандық аурухана құрамында оңалту бөлімі қызмет атқаруда. Аталған бөлімде балалар мен ересектерге арналған травматология, кардиология, нейрохирургия, неврология төсек бейіндері жұмыс жасайды.

Жыл басынан бері аудандық ауруханаға 4 771 науқас түскен. 8 айда ауруханада 222 ота жасалса, оның 98-і – хирургиялық ота. Бүгінде 4 138 науқас емделіп шыққан. Оның 1102-сі жоспарлы түрде, 3058-і шұғыл түрде жатқызылған. Емхананың күндізгі стационарында 140 төсек орын жұмыс жасайды. Кент аумағында 45 төсек орын болса, 12 дәрігерлік амбулаторияда 95 төсек орын бекітілген. Мұнда жыл басынан бері 2 979 адам емделіп шыққан.

18 жылда ана өлімі тіркелмеген

Соңғы 8 айда аудан бойынша 125 өлім жағдайы тіркелген, өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 4 пайызға жоғарылаған. Оның ішінде 28 науқас ауруханада қайтыс болған, үйде қайтыс болғандар саны – 82, өзге де себептермен өмірден озғандар саны – 15.

Өлім-жітім көрсеткішіне талдау жасасақ, жүрек қантамыр аурулары бойынша 30 адам, жүйке жүйесі аурулары бойынша 20, кәрілік бойынша 20, қатерлі ісік аурулары бойынша 11, тыныс алу жолдары бойынша 11 адам өмірден өтсе, қалғаны өзге де себептермен қайтыс болған. Хабарламашының айтуынша, ауданда ана өлімі соңғы рет 2006 жылы орын алған. Баяндамашы тұрғындарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша да атқарылған бірқатар шараға тоқталды.

Мәслихат депутаттары Жаңадария елді мекеніне интернет желісін тарту мәселесі мен білім саласында 0,5 штаттық бірлікте жүрген мейірбикелердің жұмысын жүйелеп, бір жолға қою қажеттігін айтты. Бұл тұста аудан әкімі Ардақ Ибраимов штат мәселесіне байланысты Мәжіліс депутаттарына нормативке өзгеріс енгізу туралы ұсыныс беруді тапсырды.

Аурухана басшысы Еркебұлан Мақсұтұлы аудан әкіміне аурухана алдына автокөліктерге арналған тұрақ жасап, емхана алдына асфальт төсеуге ұсыныс білдіріп, Бұқарбай батыр ауылындағы дәрігерлік амбулатория ғимаратының ескіргенін де жеткізді.

Жарқын жобалар ауылды түлетеді

Сессия отырысында Аққұм, Мәдениет, Мырзабай ауылдық округ әкімдерінің өздеріне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы туралы есебі тыңдалды. Ауыл әкімдері елді мекендердің бүгінгі тынысымен таныстырып, ел еңсесін тіктеуде жүзеге асырып жатқан жаңа жобалар барын жеткізді.

Аққұм ауылында бүгінде 380 отбасы, 1845 тұрғын бар. Тұрғындар ауыл тазалығын басты назарда ұстап, көркейту-көгалдандыру жұмысына жұмыла кіріседі. Ауылдағы Желтоқсан, І.Доспанбетов көшесіндегі 14 бағанадағы түнгі жарықшам заманауи шамдармен ауыстырылды.

Мұнан бөлек 143 млн 340 мың теңгеге Аққұм және Жастар көшесі толық асфальтталып, М.Нұрқожаев көшесі мен орталық алаңға «Бірлік-А» шаруа қожалығының жеке қаражаты есебінен 1,2 млн теңгеге жарықтандыру жұмыстары жүргізілген.

Ауыл жастары да елді мекен келбетін көркейтуде белсенділік танытуда. Мәселен, мектептің 20 жылдық түлектері ауылға тарту есебінде «Тайман қари» мешітіне 2 млн теңгеге жөндеу жұмыстарын жүргізген. Сондай-ақ ауыл азаматтарының жинаған 1 млн 200 мың теңгеге А.Бисенов атындағы №38 орта мектептің ауласына типтік жобадағы жылыжай орнатылған.

– Былтыр елді мекендегі ауылішілік 2 көшені асфальттау жұмысы жүргізілді. Ал биыл 8 көшеге асфальт салу жұмыстары жүріп жатыр. Аққұм көшесі мен орталық алаңға «Бақдаулет 57» шаруа қожалығы жарықтандыру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ ауыл азаматтары орталық алаңға 8 млн теңгеге Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш тақта орнатты, – дейді ауыл әкімі Алтынбек Асанбеков.

Ауылда кәсіп ашып, қолдан келетін іспен айналысамын деген азаматтар қатары артқан. Алтынбек Асанбековтың айтуынша, жыл басынан бері 20 кәсіпкерлік субъектісі кірістер басқармасына тіркелген. Сонымен қатар ауыл тұрғыны Майра Смайлова «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан мал шаруашылығына 5 млн теңге несие алса, 4 ауыл тұрғыны «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 2,5 пайызбен несиеге құжат өткізіп, қаржыландыруын күтуде.

Көшелер жарықтандырылады

Мәдениет ауылында 394 отбасы бар, 2 мыңға жуық адам мекен еткен елді мекенде 1 ЖШС, 5 кооператив, 48 шаруа қожалық, 85 жеке кәсіпкерлік субектісі тіркелген. 9 ауыл тұрғыны биыл қайтарымсыз грант алған, олар мал шаруашылығы бағытында жұмыс жасауда.

Ауыл әкімінің міндетін атқарушы Ардақ Оразбаевтың айтуынша, тұрғындар биыл көктемгі күріш орналастыру науқанында 1157 гектар күріш, 269 гектар жаңа жоңышқа, 615 гектар ескі жоңышқа, 139 гектар мақсары еккен.

– Ауылдағы №32 орта мектеп лицейі биыл 402 оқушыға құшағын айқара ашты. Қазіргі таңда білім ошағында 70 мұғалім сабақ беруде. Мұғалімдердің 84,7 пайызы – жоғары білімді мамандар. Сондай-ақ ауыл жастары спортқа бейім. Ауылдағы №14 балалар жасөспірімдер спорт мектебінде бүгінде 90 бала қазақ күресі, дзюдо күресі және бокспен шұғылданады. Аталған спорт мектебінің түлектері «Азия» біріншілігінің жүлдегері атанып, республикалық сайыстарда да жүлделі орындарға қол жеткізуде, – дейді Ардақ Дәулетбайұлы.

Оның айтуынша, аталған елді мекенде келер жылы келелі жұмыстар жүргізіледі. Яғни ауылдағы 4 көше жарықтандырылып, Ж.Жабаев көшесіне жаңадан тас төселіп, Жаңақоныс көшесі асфальтталмақ.

Жол сапасы жақсарады

Бүгінде Мырзабай ахун ауылында 210 отбасында 1244 адам тұрады. Оның ішінде 121 зейнеткер, 53 батыр ана, 19 алтын алқа, 34 күміс алқа иегері бар. Биыл жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол» акциясы аясында «Балдихан» шаруа қожалығы 4 млн 200 мың теңге, «Керейт» фермерлік шаруашылығы 27 мың теңге, жеке кәсіпкер Нұржан Әлимаш 70 мың теңгеге оқу құралдарын және жағдайы төмен отбасылардың балаларына демеушілік жасады. Бүгінде ауылда 2 ЖШС, 11 шаруа қожалық, 84 кәсіпорын бар.

– Биыл өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша ауылда 2 млн 200 мың теңгеге Колхоз көшесіне 15 түнгі жарықшам орнатылған. Елді мекеннің кіреберісі мен орталығына 4 бейнебақылау камерасы қойылды. Мектептің 20 жылдық түлектері ауылға тарту есебінде елді мекенге кіреберіске арка орнатса, 10 жылдық түлектер «Менің сүйікті ауылым» белгісін орнатты. Биыл ауылда көктемгі науқанда 1326 гектар күріш, 159 гектар жаңа жоңышқа, 516 гектар ескі жоңышқа, 29 гектар бидай егілді. Ауылда 2005 жылдан бері клуб жоқ. 2014 жылы жоба сметалық құжаттары жасалған. 2021 жылы да 2 рет ЖСҚ дайындалып, қаржысы күтілуде, – деді Ғалым Тауыпбаев.

Ауыл әкімінің айтуынша, келер жылы К.Оспанов пен Жаңақоныс көшелері асфальтталады, мұнан бөлек ауылдық клуб ғимаратын салу да жоспарда бар екен.

Ауылдағы жұмыстар сараланған сессияда аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұлу Маратқызы кент және ауылдық округтер бюджеттерінің өзгерісіне тоқталды.

– Кент, ауылдық округтердің нақтыланған өз кірістерінің жылдық болжамы – 228 млн 578 мың теңге, 8 айда дербес бюджеттің кірістері 201,5 млн теңгеге жоспарланып, 213,1 млн теңгеге орындалды. Ауылдық округтердің биылғы жылдық түсімдер болжамына да талдау жүргізілді. Нәтижесінде кент, ауылдық округтер бойынша кірістер болжамын 8 666,8 мың теңгеге ұлғайту жоспарлануда. Түсімдер жоспары 8 666,8 мың теңгеге ұлғайтылып, сәйкесінше аппараттың ағымдағы шығындарына еңбекақы төлемдеріне, іс-сапар шығындарына, көше жарықтарының төлемдеріне бағытталады, – деді Н.Маратқызы.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша аудандық мәслихат депутаты Қайрат Досымов аудандық сайлау комиссиясының қаулысымен №149 учаскелік сайлау комиссиясы құрамынан босатылған екі мүшесінің орнына жаңа кандидатураларды бекітуді ұсынды. Кезекті сессияда бірқатар келелі мәселе қаралып, ұсынылған шешім жобалары бірауыздан қолдау тапты.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Баға бақылауда бола ма?

– Жаз айларында Түркістан облысы мен Шымкент қаласында газ тапшылығы байқалды. Ұлытау облысында баға біздің өңірмен салыстырғанда едәуір көтерілген, 1 литрі – 84-89 теңге, бұрын 76-81 теңге еді. Операторлардың газды не үшін талонмен сататыны белгілі. Жеке және заңды тұлғалармен келісімге келіп, оларды газбен толық қамтамасыз етуге жұмыс жасайды. Әлеуметтік газды тек халыққа сату керектігі былтыр да қатаң ескертілді. Бұл мәселеде мен халықты қолдаймын, қарапайым тұрғындар газ тапшылығынан зардап шекпеуі керек. Автобекеттерде кезек болмауын қадағалаңыздар. Қазіргі қойылған лимитті алып тастаңыздар, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, облыс аумағында 25 оператор 210 автогаз құю бекеті арқылы сұйытылған мұнай газын сатады. Қыркүйек айына аймаққа 7 184 тонна газ бөлінген.

Жиында облыс әкімі операторларға коммерциялық газды өз қаражатына алу керектігін ескертіп, әлеуметтік газды жоғары бағамен сатқандар жауапкершілікке тартылатынын тілге тиек етті.

Мұнан бөлек операторлардан сатылым лимитін алып тастау талап етіліп, газ тапшылығын қолдан жасауға қатаң тыйым салынды.

– Мемлекет қолдауымен төмен бағада әкелінген газды пайда көру үшін бизнес өкілдеріне, жүк көліктеріне, сыртқа сататын компаниялардың әрекеті газ тапшылығына әкеп соғады. Жеңілдікпен сатылатын газ – әлеуметтік тауар, сондықтан оның игілігін халық көруі керек. Кәсіпкерлерді қолдаймыз, бірақ жұрт есебінен емес. Тұрғындарды 100 пайыз қамтамасыз еткеннен кейін ғана артылғанын сатуға болады. Автобекеттерде кезек, лимит қою, басқа да шектеулер мүлде болмауы тиіс. Жауапты басшылар, күнделікті рейд ұйымдастырып, сату барысын тексеріңіздер. Жоғары баға қоятын, газды мақсатына сай сатпайтын кәсіпкерлермен келісім-шарт бұзылады, – деп ескертті Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиын соңында жауапты басшыларға газдың басқа өңірлерге тасымалданбауы үшін Түркістан және Ұлытау, Ақтөбе облыстарының шекарасына тәулік бойы кезекшілік қою тапсырылды.

Жалағашта жағдай тұрақты

Облыс әкімімен өткен мәжіліс отырысынан кейін аудан әкімі Ардақ Ибраимов аталған мәселе бойынша аудандағы ахуалды саралады. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов жауапты сала басшыларымен бірге аудан аумағындағы автогаз құю станцияларында жанармай мен газ бағасының негізсіз өсуі мен қолдан тапшылық жасауды болдырмау мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Бүгінде Жалағаш ауданы бойынша сұйытылған мұнай газы бойынша 5 оператор, 7 газ құю бекеті жұмыс істейді. Сыйымдылығы – 55,5 тонна. Қазіргі таңда 17,2 тонна газ бар. Газдың орташа бөлшек сауда бағасы – 70 теңге. Ал жанармай өткізумен айналысатын 3 оператор, 4 жанармай құю бекеті бар. 1 литр Аи-92 маркалы бензиннің бағасы – 198 теңге, ал дизель отыны – 295 теңге.

Зерделеу жұмыстары барысында тұрғындарды жеткілікті мөлшерде кедергісіз сұйытылған мұнай газымен қамтамасыз ету шаралары тұрақты ұйымдастырылу қажет екені ескертілді.

«Ауыл аманаты»: 10 жоба мақұлданған

Ауданда сүйікті ісін табыс көзіне айналдырған кәсіпкерлер қатары жыл сайын артуда. Қазір «кәсіп бастаймын» деген азаматтарға мемлекеттен берілетін қолдау көп. Мәселен, қайтарымсыз грант, төмен пайызбен берілетін несие

кәсіп ашуға таптырмас мүмкіндік болды. Сол сияқты қарапайым халықтың кәсібін дамытып, одан әрі жандандыруға үлкен септігін тигізетін жоба – «Ауыл аманаты».

Бүгінде ауданда «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы қаржылай қолдауға ие болу үшін әртүрлі бағыт бойынша 140,4 млн теңгені құрайтын 27 жоба «Ауыл аманаты» цифрлық платформасына енгізілген. Оның ішінде 56,2 млн теңгені құрайтын 10 жоба мақұлданып, тиісті қаражаттар бөлінуде. Атап айтсақ, өңдеу бағыты бойынша 8,9 млн теңгеге 2 жоба, асыл тұқымды мал бағыты бойынша 14,7 млн теңгені құрайтын 3 жоба және басқа да бағыттар бойынша 5 жобаға 28,1 млн теңге бөлінді.

Жиында аудан әкімі осыған дейін кент және ауылдық округ әкімдеріне «Ауыл аманаты» жобасы аясында тиісті тапсырмалар беріп, алайда ол өз деңгейінде орындалмағанын тілге тиек етті. Сондай-ақ мүлдем жоба ұсынбаған ауыл әкімдерін де қатаң сынға алды.

Жиын соңында «Арт спорты» мен жылу маусымына қатысты бірқатар жұмыстар пысықталып, тиісті сала басшыларына маңызды міндеттер жүктелді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Біле жүріңіз

Қан және оның қызметі



Қан – ағзадағы ішкі сұйық ортаның бірі. Ол қантамырларының тұйық жүйесін бойлай ағып, тасымалдау қызметін атқарады. Қан барлық мүшелердің жасушаларына қоректік заттар мен оттегін жеткізеді және тіршілік әрекетінің өнімдерін зәр шығару мүшелеріне тасымалдайды. Ағзадағы биологиялық әрекетшіл заттардың гуморальдық реттелу қызметі қанның қатысуымен іске асады. Қан ағзаның инфекциядан қорғаныш реакциясын қамтамасыз етеді.

Ересек адам ағзасында шамамен бес литр қан болады. Ол – ағзадағы дәнекер ұлпасының бір түрі. Оның негізгі бөлігі жасуша аралық сұйық зат плазмадан құралады. Плазмадан қан жасушалары эритроциттер мен лейкоциттер және қан пластинкалары тромбоциттер болады. Тромбоциттер сүйектің кемік майындағы жасушалардан түзіледі. Олардың жетілуі, қорға жиналып бұзылуы басқа мүшелерде өтеді. Эритроциттер тасымалдау, лейкоцит фагацитоздау және тромбоцит қан ұшуға қатысады.

Плазма негізінде еріген органикалық және бейорганикалық заттары бар судан тұрады. Плазма құрамының өзгеруі ағза үшін өте қауіпті. Қанға үздіксіз көптеген заттардың қосылуына қарамастан, плазманың құрамы өзгермейді. Плазмадағы артық заттар зәр шығару мүшелері арқылы шығарылады. Қан өкпеде көмір қышқыл газынан, ал бүйректе судың артық мөлшері мен онда еріген минералды тұздардан арылады.

Ол ас қорыту, ұлпалар мен мүшелерге қоректік заттарды, суды, минералды тұздарды және витаминдерді тасымалдайды. Бөліп шығаруға келсек, қан бөліп шығару мүшелері арқылы ыдырау өнімдерін шығарады. Тыныс алуда өкпе мен ұлпалардың арасында газ алмасу процесін қамтамасыз етеді. Регуляторлық әртүрлі мүшелердің гуморальдық реттелуін анықтайды, ағзада гормондар мен басқа заттарды жеткізеді, олар мүшелердің қызметіне әсер етеді (күшейтеді немесе бәсеңдетеді) қорғаныш қанның құрамында фагоцит қабілеті бар жасушалар болады және арнайы ақуыздар антиденелер болады, олар улы ағзалардың көбеюіне кедергі жасайды да оларды бөліп шығарады. Терморегуляторлық қан ағзаның тұрақты дене қызуын сақтайды.

Жұмагүл САРИЕВА,
аудандық аурухананың
трансфузиология медбикесі

Тарих

Ақбоз атты, тоз найзалы Бәйтен батыр

Егемен еліміздің бостандығын аңсаған ата-бабамыз бізге қалдырып кеткен ұлан-байтақ жерді аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де, қолдарынан көк найзалары түспей, көздің қарашығындай сақтады. Қазақ жеріне көзін сатқан жоңғар, қалмақ, хиуа, қоқан, қарақалпақ, орыстардың шапқыншылығы мен қанды майдандарда оларға қарсы тұрып, елін, жерін қорғаған батыр бабаларымыздың ерліктерін бүгінгі ұрпақ ұмытпауы керек. Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы азап пен ауыртпалықты басынан өткізді, бәріне төзді, жеңе білді. Әріге бармай-ақ тек XVIII ғасырдың өзінде, XIX ғасырдың бірінші жартысында әуелі жоңғар, онан соң қалмақ ерсілі-қарсылы елді шауып, Сыр бойы халықтарын әбігерге түсірсе, қоқан, хиуа, қарақалпақтар басынып, үстемдік жүргізумен болды.

Заман зардаптарынан ашынған халқымыздың белдеуінде аты, босағасында найзасы дайын тұрды. Елін, жерін сыртқы жаулардың шапқыншылығынан қорғауда халықтың басын біріктіріп, ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен жасындай жарқырап, ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсеткен батыр бабаларымыз баршылық.

Еліміздің тарихи деректерін анықтаған сайын көрнекті тұлғаларының, олардың аңызға айналған ерліктерін тани түсудеміз. Кешегі ел тарихы, тарихи тұлғалар мен батыр, билер жайлы зерделі адамдардан бізге жеткенмен, енді соларды білетін, әңгіме қозғайтын кәріқұлақ, көнекөздер жоқтың қасы. Тұйықтан шығудың бір ғана жолы – бүгінгі аға ұрпақ солардан естігендерін тірнектеп қағаз бетіне түсіре берсе, бұл да үлкен іс болар еді.

Осыдан біршама уақыт бұрын аты аңызға айналған, өмірі мен ерлігі ел тарихынан ойып орын алған XIX ғасырдың бірінші жартысында Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің сардары, қас батыры, саналы ғұмырын халқының бірлігі мен тірлігіне арнаған жерлесіміз Естекбайұлы Бұқарбай батырдың 200 жылдығын ел болып атап өттік. Батырдың мерейтойының жоғары деңгейде өтуіне басшымыздан бастап, қосшымызға дейін атсалыстық. Бұқарбай батыр жайлы кітаптарда жазылып, баспасөз беттерінде көлемді мақалалар да жарияланып, республикалық деңгейде ғылыми-теориялық конференция да өтті. Онда батыр өмір сүрген уақыттың саясі-әлеуметтік жағдайы мен ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңыздылығы жайлы айтылып, баға да берілді.

Бұл әрине, құптарлық жағдай, батырға берілген лайықты баға. Ал біз батырды сондай дәрежеге жеткізген ортасы мен тәрбиелеген кісілер жайлы деректерді халыққа жеткізе алмадық. Олар жайлы бір-екі ауыз деректерден әрі асып бара алмадық. Әрине, ол кісілер туралы деректер жазылмаған тарих болар. Десе де «жігіттің жақсы болуы нағашыдан» дегендей, ол кісілердің ерлікке толы өмір жолын зерттеп, ауыздан-ауызға өтіп келе жатқан, біздерге жеткен өнегелі істері мен өсиет сөздерінен бүгінгі ұрпақты хабардар етсек, үлкен іс тындырғандай болар едік.

Естекбай баласы Бұқарбай – атырапқа атағы жайылған батыр.Ол – Бәйтен батырдың жиен қызынан туған. Батырдың Нәзипа есімді үлкен қызы Найман Толыбай биге берілген, Толыбайдың қызын Естекбайға алып беретін де, араға дәнекер болатын да Бәйтен батырдың өзі еді. Бұқарбайдың дүниеге келуіне бір Құдай мен әулие-әмбиелер болса, ал оған себепші болған, тәрбиелеген, өнегелі өмірді, батырлықты бойына дарытқан нағашылары екен. Әрі қолбасы, әрі шешен тілді Бұқарбай өзінің бір әңгімесінде «Найзам Бәйтен батырға, тілім Толыбай биге ұқсаған болар» дегені ел ел аузында жүр. Мұндай жанды сөзі, өткір тілі болмаса, қол бастауы да оңайға түспесі сөзсіз.

Егер әңгімені әріден қозғасақ, қазақтың байтақ даласында азаттық жолында қаншама қанды шайқастар мен жазықсыз қырғындар болды. Қазақтың даласына талай жаугершіліктің орны болуды тағдыр жазды. Ақтабан шұбырынды қасірет іздері Сыр бойын басып өтті. Замана зардабын арқалаған еліміздің таңдаулы ұлдары осынау нәубетке қарсы өз өмірлерін қиды. Жауға қарсы шапқан ерлердің қатарында аймақта аты ұранға айналған Сәрке батырдың жолы да, жасы да үлкен бауыры Бәйтен батырмен бірге жауға қарсы шауып, оларға тойтарыс беріп отырған.

Дүниеден өткен облысымыздың құрметті азаматы, өңірдің тарихын жетік білетін ғұлама ағамыз Камал Бердәулетов өзінің «Бұқарбай батыр» 1992 жылғы, «Ата жұрт» 1999 жылғы кітаптарында Сәрке батыр мен тұстас реті келгенде ағалық еткен Бәйтен батыр ерен ерліктің иесі бола тұра өте кішіпейіл, сабырлы адам болған дейді. Сондай-ақ ол «Аты шулы «Ақтабан шұбырындыдағы» ұрынған елдің қиыншылықтарын бастан кешіп, қайғы-қасіретін бөлісіп, ұзақ өмір сүріп, халқының ортасында қалған. Бәйтен батырдың даңқы шығып тұрған. Бұл әруақты батыр Сыр-Қуаң арасындағы Асықата-Таулаңбай дейтін атақонысында туып өскен кісі» деп жазған.

Бәйтен батыр туралы әңгімелерінде Сәрке батыр: – Мен әртүрлі қиындықтарда, тығырыққа тірелген сәттерде Бәйтенге екі-үш рет паналағанымды жасырмаймын, ал ол менің бір рет артыма шыққан жоқ, – деген екен.

Батыр деген – бір адам, ал оның абыройы, қосыны, қару-қайратына байланысты болатыны сөзсіз. Ел басына күн туған кезде осы төңіректегі азғантай елден аты алашқа белгілі Сәрке мен Бәйтен қол бастап, қалмақ-жоңғарларға тойтарыс беріп, «Қарақұм құрылтайына» қатысып, үш жүздің жасақтарына барып қосылады.

Бұл шайқас ұзаққа созылып, батыстан Еділ қалмақтары, шығыстан жоңғарлар шабуыл жасап, Қазақ халқын тарих сахнасынан жойып жіберу мақсатында, сол заманның соғыс өнеріне бейімделген қарумен басқыншылық жорықты үдете түскен. Басқыншылық шайқастардың азабын тартқан халықты тығырықтан шығару мақсатында, кейбір өңірдің ел ағалары қалмақтарға беріліп, солардың әмірін орындауға, көнуге, кейбірулері оңтүстік аймаққа қоныс аудару ойларын ортаға салған. Шешімі табылмай тұрған осындай қиын шақта хандар мен билердің, шонжарлардың алдына шығып сөйлеген, Бөкенбай қаны қазақпын дегендердің жүрегіне от тастағандай әсер еткен. Осы сәтті «Үркер» романында жазушы Әбіш Кекілбаев былайша сипаттайды.

«Қашып бара жатып, төгілген қанды біз неге осы атамекенімізде ақтық деміміз біткенше шайқасып жүріп төкпейміз? Өз басым ата-қонысымда мола болып қаламын. Бірақ тірлігімде күншығыстан бастап ауып келе жатқан қазақты көргенімде мейманасы асып, өсіп келе жатқан ойраттарды көрсем, қанжарым сынғанша, найзам мүжілгенше айқасып өлем, – деген екен.

Құрылтайда үш жүзден құрылған біріккен қолдың қолбасшысы болып Әбілқайыр хан сайланып, табын Бөкенбай батыр үш жүз түменнің Бас сардары болып тағайындалып, ай жүзді, ақ семсерді қолына алған» деп жазылған романда.

«Қазақ елінің бейбіт өмірі мен тәуелсіздігі үшін үш жүздің ішкі, сыртқы саяси қарым-қатынасына ұйытқы болған, 1710-1711 жылдары Арал өңірінің Қарақұм аумағындағы «Құлжұмыр-Қасқатөбе» жерінде өткен Қарақұм құрылтайы жиыны қазақ халқының санасының көтерілуіне және жоңғар шапқыншылығына қазақ бірлігінің нығаюына үлкен үлес қосты” деп жазады қоғам қайраткері, осыдан біршама уақыт бұрын Арал ауданының әкімі болған Нажмадин Мұсабаев өзінің Сыр бойы газетіне жазған мақаласында.

Ұзақ жылдар бойы созылған Сарысудың батыс торабындағы Бұланты өзенінің бойында алғашқы айқас басталады. Қалмақ бектері Жоршын мен Батыр Тайшы бастаған 35 мың қалмақ шегінген қазақ қолын өкшелей қуып, қазіргі Жезқазған өңіріндегі Білеулі, Бұланты өзендерінен өтіп, Қарақұмның «Ұлы құмындағы» ат бауырын жазып шаба алмайтын құмдарға кіріп діңкелейді. Осы сәтті пайдаланған қазақтың 7 мың қолы жеңіске жетіп, осы жерлерге «Қалмаққырылған» деген ат берді.

Жеті мың әскерімен тосқауылда қалуына бұйрық берген Әбілқайыр хан: «Сәрке батыр, мына қалың қалмақтарды он екі күн осы жерден жылжытпайсың, Құдай қалап амандықта болсам, мен де жетермін» – дейді. Сонда Сәрке: – «Хан он екі күнің ұзақ қой, біздің жаназамызды шығарып кет» – дейді. Хан Әбілқайыр осы жерде жергілікті молдаға жеті мың адамның жаназасын тірілей шығартып, елден әскер жинауға аттанып кетеді.

Сәрке батыр мен Бәйтен батырдың жасақтары қиян-кесті ұрыстарды бастан кешіріп, түгел дерлік шейт болды. Осы шайқаста жау ортасында қалған Сәрке батыр «Ақши» деген жерде қаза табады. Оның сүйегін уақытша былғарыға орап, сол жерге жерлейді. Жүзжасар би-батыр мен Бәйтен батыр найзалардан жасалған табытпен кезек-кезек көтеріп, Қорқыт ата кесенесіне жерленген.

Сөзінде тұрған Әбілқайыр хан он жеті күн өткенмен кейін жасақталған қалың қолмен келіп, жоңғарларды талқандайды. Бәйтен батыр шағын қандыкөйлек серіктерімен елге оралады.

Сыр бойының белгілі шайыры Шоңбай ақын өзінің «Өмір өрнектері» деген дастанында: «Бәйтенді батыр адам деп атайды, Ақ боз ат, тоз найзамен алған жауын» деп жырлайды. Осы бір шумақты біздің бала кезімізде әкелеріміз домбырамен айтып отыратын. Осы бір батыр адам тоқсанның үстіне шығып дүние салған.

Бәйтен батыр туралы Қазақстан журналистер одағының мүшесі, запастағы полковник Құсайн Қоразбаевтың №64 13.08.2024 жылғы «Жалағаш жаршысы» газетінде жарияланған «Ташкенттегі Сәрке батырдың ұрпақтары» деген мақаласында Тәуке ханның ел басқару мен соғыс өнеріне үйрететін мектепте Сәрке батырдың тұстастарымен бірге Бәйтен батыр да дәріс алғанын жазған.

Қартайған шағында ел арасында бір кикілжің туып, көрші елдің азаматтары сойылдарын сүйретіп, қыр көрсетеді. Аттың дүбірін естіген қарт батыр үйінен жүгіріп шығып, немерелеріне атты әкеліп, көтеріп мінгізуді бұйырады. Атқа мініп алған бойда далаға айқайлап шаба жөнелген әкесін балалары әзер тоқтатып, аттан түсіріп, үйіне әкелген көрінеді.

Бұл жерде Бәйтен батырдың үлкен жүректігі ақырына дейін ел қорғау деп соғып тұрғанын білдіреді. Батыр дүние салар алдында ел азаматтары кезекпен күзетіп отырғанда басын көтеріп бір-екі мәрте дауыстаған. Ұйқысы ашылып, есін жинағанда айтқан екен: «Мен өлімнен қорқып айқайлап жатқаным жоқ, шырақтарым, көптен иығымда жүрген екі бала жолбарыс бар еді, солар сытылып мені тастап кетіп бара жатыр. Байқаймын, өздері Естекбай ауылына қарай беттегендей болды, сірә» деген екен. Сол жолбарыстар жиені Бұқарбай батырдың иығына қоныпты деген сөз бар.

Талай қанды шайқастарда жаудың бетін қайтарып тойтарыс бергеннен кейін, хан немесе әскер басшылары жаудың бетін кім қайтарды, кімдер қандай ерлік жасады дегенде, «Жаудың бетін Ақ боз атты, тоз найзалы батыр қайырды» дейтін болған. Осы сөзге наразы болған Бәйтен батыр тоз найзасын тізесіне салып сындырмақшы да болған. Бірақ тоз найза майысып сынбаған. Сонда батыр «Менің атым шықпай, Ақ боз атты, тоз найзалы батыр болып кетемін-ау» деген екен. Бәйтен батыр ел аузында осылайша аталып кеткен.

Батыр бабаларын еске алу мақсатында Ұлытау облысы Байқоңыр ауданы Бұланды-Білеуті шайқасында қаза тапқан сардар-батырларға стелла қою 2014 жылдан басталған. «Қазақмыс» коорпорациясы ЖШС директоры Бақтияр Әбдірахманның қолдауының арқасында Бұланды-Білеуті кешені ұйымдастырылған. Осы стеллаға өткен жылы Сәрке батыр, биыл Бәйтен батыр және батыр-би Жүзжасарға ескерткіштер қойылған. Бұл стеллада Бұланды-Білеуті «қалмаққырған» шайқасына қатысқан Әбілқайыр ханнан бастап үш жүздің әскери басшылары мен хандарына, сексеннен аса тұлғаға ескерткіш орнатылған. Батыр-бабаларының рухтарына тағзым еткен азаматтар Ұлытау облысымен байланыс жасауда.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер және Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі

Мемлекеттік тіл – қызмет тілі

Мемлекеттік тіл – ұлттың қастерлі құндылығы. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру күн тәртібінен түспеуі тиіс. Әрбір қазақстандық қазақ тілін білуге міндетті деп ойлаймын. Бұл орайда қазақ тілі тек қазақтардың ғана емес, тұтас еліміздің ортақ тілі болуы керек. Мемлекеттік тілдің негізгі міндетінің өзі халықты топтастыру, тұтас елді ұлтына қарамай мемлекеттік тілге бет бұрғызу екені белгілі. Тіл туралы заңда да бұл қағидалар түсінікті тілмен тайға таңба басқандай анық жазылған.

«Бабыл (Вавилон) қаласындағы әйгілі мұнараның бітпей қалуы жұмысшылардың әр тілде сөйлеп, бірін-бірі түсінбегенінен болған» деген дерек бар. Әрбір істе ынтымақ керек десек, сол ауызбіршіліктің өзі ортақ мемлекеттік тілде жатқанын аңғара қоямыз. Сондықтан тіл мерейі үстем болса, туған еліміздің мәртебесі де биік болады.

Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілер білуге тиіс. Өйткені мемлекеттік тіл мемлекетті басқару тілі болып есептеледі және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі құрал екені де даусыз.

Ешкім де ешбір тілді жақсы көргендіктен үйренбейді, қажет болған соң үйренеді, мемлекеттік қызметкер үшін мемлекеттік тілді білу міндет болса, кез келген адам екі-үш жылдың ішінде меңгеріп алады. Осындай талап қойылса, нұр үстіне нұр болар еді. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік тілдің мәртбесі биік болуына баршамыз жауаптымыз. Ол үшін қыр асып, қыруар шаруа тындырудың да қажеті шамалы. Тек мемлекеттік тілімізге құрметпен қарап, оны насихаттасақ жеткілікті

С.КАЛМЕНОВА,
аудандық полиция бөлімінің тәрбие және кадр жұмысы тобының инспекторы, полиция капитаны

Сақтансаң, сақтайды

Орманды өрттен сақтайық

Қазіргі уақытта өрт қаупі өте күшті. Әсіресе бұл кезде орман алқаптарын өрттен көздің қарашығындай сақтауға тура келеді. Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда оның көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Жекелеген тұрғындардың немесе орман жұмысшыларының бұл мәселеге үнемі жіті қарай бермейтінінен болады. Сондықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс.

Ормандағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады. Әйтпесе орманның ішінде өрттің көзі жоқ. Рас, орманның жануы кейде найзағайдан да болады, бірақ өртті орманға негізінен адамдар әкеледі.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері бар. Сөндірілмеген шылым не сіріңке, аңшылықтың салдары, атқан оқтан бықсып шөптер жанып тұтанады. Механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді.

Орман ішінде болған саяхатшылар, демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге алау жағады. Орман алаңдарына жақын жерлердегі егістің орнын жағады. Күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып, құрғақ шөптерді тұтандырады.

Орманда шаруашылық жұмыстарын (жарылғыш құралмен тамырынан жұлу, қоқысты жағу, жолдарды, электржелілерін, құбырларды салу кезінде сақтық шараларын алмау және т.б.) дұрыс жүргізбеу салдарынан да өрт оқиғасы орын алып жатады. Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет. Егер жоғарыда айтылған талаптар сақталмаса, мәселенің алдын алуға кеш болады және әдеттегідей салдарымен күресуге тура келеді.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Жалағаш аудандық экономика және қаржы бөлімі ұжымы әріптесіміз, бөлімнің сектор меңгерушісі Ғалия Сүлейменоваға қайынатасы, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, облыстың құрметті ардагері

Кенжеғара Сүлейменовтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Кенжеғара Сүлейменов

Алланың әміріне шара бар ма, 2024 жылы 14 қыркүйекте Жалағаш ауданының құрметті азаматы, халықтың қадірлісі, елімізге танымал ардақты ағамыз Кенжеғара Сүлейменов 75 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Кенжеғара Сүлейменов 1950 жылы қараша айында дүниеге келді. Ауылда мектепте білім алып, Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын және өндірістен қол үзбей Қазақ ауыл шаруашылығы институтын бітірді. Еңбек жолын жастар жетекшісі, сол кездің тілімен айтқанда, аудандық комсомол ұйымында бастады.

Аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгеруші, екінші хатшы, бірінші хатшы қызметтерін атқарды. Кейін Ақсу совхозында бастауыш партия ұйымының хатшысы, аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары Ақсу совхозының директоры, өндірістік кооператив төрағасы, №116 орта мектептің директоры, 1999-2003 жылдары аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы, аудандық сайлау комиссиясының төрағасы, «Отан» халықтық демократиялық партиясының аудандық бөлімінің төрағасы қызметтерін атқарды.

2003-2016 жылдары аралығында үшінші, төртінші және бесінші шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды. 2016 жылдың наурызынан бастап алтыншы шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты және «Экономикалық даму, қаржы және бюджет мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болды.

Кенжеғара ағай зейнет демалысына шықса да ауданның қоғамдық өміріне белсене араласты, алқабилер кеңесінің төрағасы болды. Ерен еңбегі үкімет тарапынан жоғары бағаланды. «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды.

Кенжеғара ағамыз ауданның өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосып, абыройлы еңбек еткен, өз ісіне адал, көпшілік құрметіне бөленген, үлкенге ізет, кішіге қамқоршы бола білген жаны жайсаң азамат еді.

Кенжеғара Сүлейменовтің еткен еңбегі елдің жадында, оның жарқын бейнесі кейінгі ұрпақтың, оны білетін азаматтардың жүрегінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Марқұмның жұбайы Серіккүл апайға, отбасына, ағайын-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы болып, жаны пейіште шалқысын!

Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттары мен мәслихат аппараты

Сараптама

Қазақ әскерінің айбыны қандай?

Соңғы уақытта ата-аналар балаларын әскерге жібергісі жоқ. Неліктен? Шыны керек, бүгінде әскерде белгісіз күйде жан тапсырған жас сарбаздар туралы жаңалықты жиі еститін болдық. Осындай әскердегі жауабы жоқ былықтар, жемқорлық, сарбаздар арасындағы әлімжеттік, тәртіпсіздік секілді іс-әрекеттер қоғамда резонанс тудыруда. Орталық Азия барысы атанған Қазақ әскерінің мұндай халге душар болуына не себеп? Тарқатайық...

270 әскери қызметкер қайтыс болған

Жақында «Amanat» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Нартай Аралбай қазақ әскеріндегі қазіргі ахуал туралы сөз қозғап, ҚР Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовқа депутаттық сауал жолдады. Нартай Аралбай бейбіт күнде қазақ сарбаздары түрлі дене жарақатын алып, тіпті кейбіреуі қайтыс болып жатқанын тілге тиек етті.

– *Бұл – бір емес, бірнеше рет қайталанып жатқан жағдай. Осының салдарынан айыппұл салмақ түгілі айып тақсаң да өшкім бауыр еті баласын жастар жан тапсырған орта – әскер қатарына жібергісі келмейді, – деп сөзін растады депутат.*

Мәжілісмен келтірген сандық деректерге зер салсақ, соңғы үш жылда елде 270 әскери қызметкер қайтыс болған, ал соңғы төрт жылда әскерде 86 суицид тіркелген. Тағы 20 әскери адам суицидке оқталған.

– *2023 жылы тамызда әскери бөлімшелердің бірінде командир әскерге жаңадан келген сарбазды орындықпен ұрып, соққыға жыққан. Ал биыл маусым айында Жамбыл облысының бір әскери бөлімшесінде әскерде жүргеніне бір-ақ ай болған сарбаз естүссіз жансақтау бөліміне түскен. Таяуда болған жағдай бүкіл отандасымыздың ашу-ызасын туғызғаны хақ. Ұлттық ұлан жауынгері Ербаян Мұхтар басынан алған жарақаттан бес ай бойы ес-түссіз жатыр. Жауаптылар жауапкершіліктен жалтарып, «Ербаян дәретханаға құлап, жарақаттанды» дейді. Бұған кім сенеді? Жарақаттың салдарынан сарбаздың басының жартысын алып тастауға тура келген. Енді оған тұрақты күтім қажет, – деді депутат.*

7 қыркүйек күні Ақтаудағы горнизонда Марат Барқұлов есімді сарбаз көз жұмған. Оны офицер атып тастаған. Бірақ бұл қасақана жасалған әрекет пе, әлде жазатайым оқиға ма? Сұрақтың жауабын тергеу орындары әлі анықтаған жоқ.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауда: – *«Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты»*, – деген еді. Өкінішке орай әскердегі жағдай бұған мүлдем кереғар болып тұр.

Былтыр Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерде 50 мыңнан астам бейнекамера орнатылғанын хабарлады. Ондағы жазбалар қайда? Жас сарбаздар өлімінің себебін неге анықтай алмаймыз? Міне, күрделі сұрақ.

Айта кетейік, «Amanat» партиясы әскердегі әлімжеттік мәселесін 2022 жылы көтерген еді. Алайда жағдай түзелмек түгілі ушығып кетті десе де болады. Сарбаздардың әскерде жарақат алып, қайтыс болу фактілері тек артып отыр. Мұнан бөлек бүгінде әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы төмен. Иә, бұл бөлек әңгіме.

«Жалғыз ұлым табытпен қайтты»

Жақында Ақтауда қаза тапқан сарбаздың әкесі әділдік іздеп, Қорғаныс министрлігіне жүгінген. Ол тергеу комитетіне барып, ары қарай ұлының денесін экспертизадан өткізуге ниетті.

– *Ақтау қаласының әскери округіне бара жатырмын. Ұлымды тапаншамен бетінен атып тастаған. Бұл оқыс оқиға дейді. Офицер қарумен ойнап отырып, ол аяқастынан атылып кеткен дейді. Мен Қорғаныс министрінен бұл істің жазатайым оқиға ретінде қарастырылмауын сұраймын. Бұл жазатайым оқиға емес, тапаншадан ату үшін патронын салып, сақтандырғыштан алып тастап, шүріппені басу керек. Бұл ойнайтын ойыншық емес. Қазір оны қамауға алды дейді. Істі тоқтатқысы келуі мүмкін. Мен бәрін мұқият зерттегім келеді, – дейді сарбаздың әкесі.*

Түптеп келгенде мұндай жағдайлар жабылы қазан күйінде қала беретін болса, қоғамның әскерге деген сенімі толықтай жоғалуы мүмкін. Сондықтан жауапты органдардан аталған мәселе бойынша әділ шешім шығарады деген үміттеміз.

Қазақ әскері

Орталық Азияда көш бастады

Әлем елдерінің әскери әлеуетін бағамдайтын Global Firepower рейтингі биыл 145 елдің ішінде қай мемлекеттердің армиясы нығайғанын анықтаған. Қазақстан бұл көрсеткіште 5 сатыға көтерілген.

Global Firepower рейтинг реттілігін белгілеуде елдің әскер саны, әскери техникасы, экономикалық тұрақтылығы, ресурстарға қолжетімділігі мен стратегиялық географиялық орналасуы сияқты 60-тан аса көрсеткішке көңіл бөлген.

Биылғы Global Firepower көшін АҚШ армиясы бастаған. АҚШ әскерінің құрамасында 92 эскадралық минатасушы, 11 авиатасымалдағыш бар. Ал жалпы бюджеті 886 миллиард долларды құраған.

Екінші орынға Ресей Федерациясы тұрақтаса, әскер қуаты тұрғысынан үштікті Қытай Халық Республикасы түйіндеген. Төртінші орынға арнайы бағдарлама аясында әскери техникаларын жаңыртқан Үндістан жайғасқан. Үздік бестікке дамыған әскери-теңіз флоты мен заманауи авиациясы қауқарлы Оңтүстік Корея іліккен.

Қазақстан жалпы көрсеткіш бойынша 58 орынға табан тіреген. Бұл былтырғы рейтингтен 5 сатыға жоғары. Рейтингте жоғары көтерілуімізге қарулы күштеріміз қатарында дүркіндетіп ататын реактивті жүйелер мен өздігінен жүретін артиллерияны көбейтіп, әскери техникамызды белсенді түрде жаңыртып жатқанымыз себеп болған. Осындай жетістіктерімен мемлекетіміз Орталық Азияда армиясы ең мықты ел ретінде танылды. Орталық Азияда бізден кейінгі екінші орында Өзбекстанның қарулы күштері тұр, жалпы сатыдан оңтүстіктегі көршіміз 65 орынған көрінген.

Түрікменстан халықаралық әскери альянстардан оқшауланған мемлекет болғандықтан аталған рейтингте 145 елдің ішінен 86 орын иеленген. Орталық Азияның экономикалық даму тұрғысынан соңғы 4 және 5 орындарда тұрған Қырғызстан мен Тәжікстан GFP рейтингінде сәйкесінше 94 және 107 орында тұр.

Жуырда әскери қызметшілерді Конституция күнімен құттықтаған Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов қазақ армиясының бүгінгі күш-қуаты жайында баяндама жасаған.

– *Ел Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін заманауи және кәсіби армия құруға бар күш-жігерді бағыттап жатыр. Бүгінде Қарулы күштер заманауи техникамен, оның ішінде отандық қорғаныс өнеркәсіп кешені өнімдерімен де жарақтандырылып келеді. Басқару жүйесіне жаңа технологиялар мен басқарудың жаңа жүйелері белсенді түрде енгізіліп жатыр. Әскерді даярлаудың қарқыны мен сапасы артып келеді. Қазақстан жауынгерлері халықаралық оқу-жаттығулар мен жарыстарда жоғары кәсіби деңгейін көрсетіп жүр, – дейді министр.*

Күзгі шақыру науқаны басталды

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 1 ақпандағы Жарлығына сәйкес күзгі шақыру қыркүйекте басталып, желтоқсан айының соңына дейін жалғасады. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе бостауға негіздері жоқ 18 жастан 27 жасқа дейінгі азаматтар шақырылады.

Күзгі шақыру барысында Қарулы күштердің, Ұлттық ұланның, ҰҚК Шекара қызметінің, ТЖМ және Мемлекеттік күзет қызметінің бөлімшелері жасақталады. Қорғаныс министрлігі әскерге шақыруды есепке алу жұмысын цифрландыру жұмыстарын дәйекті түрде жүргізіп келеді. Әскерге борышын өтеуге шақырылған әскери қызметшілер туралы мәлімет алмасу, сондай-ақ оларды запасқа шығару автоматтандырылған.

Биыл сарбаздарға арналған артықшылықтар заң жүзінде бекітілген. Оларға қызмет ету кезінде және әскерден босатылғаннан кейін екі ай уақытқа несиелік демалыс беріледі. Бүгінгі таңда 6 мыңнан астам әскери қызметшінің 1 млрд 828 млн теңге көлеміндегі төлемдері кейінге қалдырылған. Сонымен қатар несиенің болуын не болмауын, ол бойынша төлемді кейінге қалдыруды белгілеу Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі айқындаған тәртіппен Қорғаныс министрлігінің, кредиттік бюролар мен кредиторлардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Қалалық және аудандық шақыру комиссиялары жергілікті атқарушы органдар басшыларының төрағалығымен жұмыс істейтінін айту маңызды. Шақыру науқаны барынша ашық форматта өткізіледі.

Әскерге шақырылушылар, олардың ата-аналары, журналистер, қоғам өкілдері қажетті ақпаратқа жүгініп, барлық сұрақтарға жауап ала алады. Әр қорғаныс істері жөніндегі департаментінде «жедел желі» мен әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар іске қосылған.

Сыр елінен 800-ден астам азамат әскерге барады

Биыл облыс бойынша 800-ден астам азамат Отан алдындағы борышын өтеуге жіберілмек. Қызылорда облысы Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Жасұлан Шаңқұловтың айтуынша, облыс азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны жоспарға сәйкес жүзеге асырылып жатыр. Ең әуелі өңірдегі 18 бен 27 жас аралығындағы ер азаматтарға шақырту қағазы жолданады. Одан соң азаматтар шақыру қағазында көрсетілген мекен-жайға келіп, медициналық сараптамадан, тестік және полиграфиялық тексерістен өтеді.

Биылғы жоспар бойынша ҰҚК Шекара қызметіне 170, Ұлттық ұланға 280, мемлекеттік күзет қызметіне 10, Қарулы күштер қатарына 420 азамат жіберіледі.

Көктемде 59 жалағаштық әскерге аттанған

ҚР Қорғаныс министрлігінің «Қызылорда облысы Жалағаш ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы Ерсайын Бегімқұловтың айтуынша, мерзімді әскерге шақыру күзгі науқаны аясында ауданда әскерге іріктеу жүруде. Жалпы әскерге ауданнан 60-қа жуық азамат аттанбақ. Нақтырақ тоқталсақ, биылғы жоспар бойынша ҰҚК Шекара қызметіне 10, Мемлекеттік күзет қызметіне 1, Қарулы күштерге 29, ІІМ қатарына 19 азамат жіберіледі.

Көктемгі әскерге шақыру науқанында аудан тапсырманы 100 пайызға орындап, 59 жас әскерге аттанған. Бүгінде олар еліміздің әр аймақтарында Отан алдындағы борышын абыроймен өтеуде.

– Біздің тараптан шақыру контингентін зерделеу, шақырылушылармен, олардың ата-аналарымен, олар оқып жүрген және жұмыс атқарып жүрген оқу орындары, кәсіпорын өкілдерімен жеке әңгімелер жүргізілді. Яғни жастарды әскери бөлімдер бойынша іріктеу және бөлу кезінде аталған шараның маңызы зор. Шақырылуға дейінгі болашақ мерзімді әскерилердің алған мамандықтары, денсаулық жағдайы, дене және моральдық-психологиялық дайындығы ескеріледі. Әрине, әр ата-ана ұлының әскерге аман барып, сау оралғанын тілейді. Біз де олардың аман-есен Отан алдындағы борышын өтегенін қалаймыз. Әскерде азаматтық борышын өтеп жүрген жалағаштық жастардың барлығы да үйлеріне аман-есен оралуларына жауаптымын. Сондықтан барлығының жағдайынан жеке хабардар болып отырамын, – дейді ҚР Қорғаныс министрлігінің «Қызылорда облысы Жалағаш ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы Ерсайын Бегімқұлов.

Денсаулықта ақау көп

Жасыратыны жоқ, қазіргі әскер жасындағы азаматтардың денсаулығында ақау жиі кездеседі. Қазіргі талап бойынша жастар бірнеше медициналық тексерістен өтуге міндетті. Олардың арасында терапиялық, хирургиялық, неврологиялық сырқаттардың белгісі және омыртқа майысуы, үшінші дәрежелі майтабан дерті, әсіресе көз жанарының әлсіздігі тексеріледі.

Шекара қорғауға барғысы келетін жастардың бойы 165 сантиметрден төмен болмауы тиіс. Ал сарбаздың бойы мен келбетіне байланысты қатаң талап ҚР Мемлекеттік күзет қызметінде борышын өтеуден үміткерлерге қойылады. Мемлекеттің басты нысандары мен жоғары лауазымды басшыларды қорғап, күзететін бұл қызметке барғысы келетін жастардың бойының ұзындығы 180-190 сантиметр аралығында, бет-әлпеті таза, тыртықсыз, физикалық жағынан жақсы жетілген, бойын тік ұстауы шарт. Сонымен қатар білімі де маңызды, ең кемі он бір жылдық мектепті аяқтаған болуы қажет. Бір жылдық міндетті қызметтері аяқталғаннан соң Үкімет оларды сол мемлекеттік күзет қызметіне алып қалады. Келісім-шартпен әрі қарай офицер болып қызметін жалғастырады.

Қорғаныс министрлігінің Қарулы күштеріне баратындар әуе қорғаныс күштері, құрлық әскері, аэромобильдік күштер секілді бөлімшелерде қызмет етеді. Олардың да өз ерекшеліктері бар. Физикалық жағынан дайындығы күшті балаларға басымдық беріледі. Ал Ұлттық Ұланның ішкі істер әскери бөлімшелері үшін алынатын балалардың ата-анасы және басқа да туыстарының сотталмағанына аса мән беріледі. Өйткені бұл бөлімшелер ішкі тәртіптің сақталуын қарайды, түзеу колонияларын қарауылдайды. Әлбетте бұлардың барлығында да жастардың білімді де сауатты болуына айрықша мән беріледі.

Жастардың жоғарыдағыдай талаптарға сай болуының басты құралы спортпен шұғылдану болып табылады. Сонымен бірге табиғат аясында демалу, салауатты өмір салтын ұстану дағдысы да оң әсер етеді. Дегенмен соңғы жылдары әлеуметтік желінің кең таралуы, соған байланысты заманауи құрылғылардың пайда болуы жастардың көз жанарының әлсіреуіне соқтырса, таңнан кешке дейін ұйықтай беру неврологиялық аурулардың өрістеуіне жол ашып отыр. Сондай-ақ табиғи, құнарлы тағамды тұтынбау және дене шынықтырумен жүйелі шұғылданбау да қан қысымы, семіздік, майтабан ауруларының өршуіне әкеледі екен.

Жалағаштық сарбаз ЖОО-ға түсті

Бүгінгі таңда әскерде қызмет еткен 1 500-ден астам азамат жоғары оқу орындарына тегін, ал ақылы түрде 700-ден астамы оқуға түскен. Отан алдындағы борышын өтеген азаматтарға студенттік жатақханадан орын беру жеңілдіктері де қарастырылған. Осы жылдың көктемінде запасқа шығарылған 400-ден астам әскери қызметші келісім-шарт бойынша әскери қызметке орналасқан.

Президенттің тапсырмасы бойынша Қарулы күштер мемлекеттік үлгідегі куәліктерді бере отырып, әскери қызметшілерді аралас жұмысшы мамандықтарына оқытқан. Бұл мәселе Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында да айтылып, 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Былтыр 1200-ге жуық маман оқытылған. Биыл 1300-ден аса адамды оқыту жоспарланып отыр.

Ауданға қарасты Мақпалкөл ауылының азаматы Бейбарыс Мейрамбекұлы Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп, биыл Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-ге тегін оқуға түсті. Бұрын мектеп бітіруші түлектеріміз, әскерге барса, дипломсыз қалудан қорқатын. Міне, бүгінде бұл мәселе де шешімін тапқандай.

– *Отан қорғау – әрбір ер азаматтың қасиетті борышы. Сондықтан әрбір ер-азамат оған физикалық және психологиялық жағынан дайын болуы керек. Бүгінде шүкір, ауылымызда әскерге аттануға әзір жастар жетерлік. Біз сол үшін қызу еңбек етудеміз, – дейді Мақпалкөл ауылы әкімдігінің жетекші маманы Мардан Тоғызбаев.*

Түйін. Патриотизм адам бойында өздігінен қалыптаса қоймайды. Бұл қасиетті қалыптастыру үшін біріншіден, тарихынды, тіліңді, атадан балаға жалғасып келе жатқан салт-дәстүріңді, әдет-ғұрпыңды, батырларымыздың ерлігін, жанкештілігін білген жөн. Осы орайда өңірде бірқатар патриоттықтанымдық іс-шара өтуде. Мысалы, мектепте оқушылардың «Жас ұлан» ұйымы жұмыс істейді. Сондай-ақ Ұлы Отан, Ауған соғысының ардагерлері мен Чернобыль апатының қатысушыларының ерлігі туралы жастардың қатысуымен кездесулер өтеді. Мұнан бөлек дөңгелек үстелдер, шеберлік сағаттар, әскери қолданбалы өнер сабақтары бар. Меніңше, біздің ең басты құндылығымыз – елдің тыныштығы, халқымыздың бейбіт өмір сүруі. Ал ел әскерінің беріктігі – соның кепілі.

Жандос ЖАЗКЕН

Брифинг

8 айда 10 өрт оқиғасы тіркелген

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Спикер жыл басынан бері ауданда 10 өрт оқиғасы тіркелгенін айтады. Ал былтыр дәл осындай уақытта 36 өрт оқиғасы болған. Өрт оқиғалары уақытылы ауыздықталғанымен салдарынан 1 адам қаза тауып, 1 адам жарақат алған. Брифингте Еркін Есетұлы жыл басынан бері аудан көлемінде атқарылған жұмыстарды саралап, тілшілердің де сауалын жауапсыз қалдырмады.

Спикердің айтуынша, орын алған 10 өрттің 1-еуі нысанда, 1-еуі автөлікте, 5-еуі тұрғын үй секторында орын алса, 3-еуі – орман өрті. Еркін Назарқұлов орын алып жатқан бұндай төтенше жағдайлар тұрғындардың өрт қауіпсіздік шараларына салғырт қарауынан, яғни тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуінен, электр сымдарының қысқаша тұйықталуынан пайда болатынын айтты.

– Көмірдің сапасына да мән берілу керек, яғни өз деңгейінде көмір нашар болса, дұрыс жанбауы мүмкін, салдарынан азаматтардың улану жағдайлары орын алып жатады. Осылайша түтін моржа жолына жиналып, өзінің бір деңгейіне жеткенде үй ішіне тарайды. Талаптарға сәйкес жылу беру маусымында пештің түтін шығу жолдары екі-үш рет тазалану қажет. Алайда тұрғындар жылу беру маусымында түтін жолдарын мүлдем тазаламай салғырттық танытады, – дейді спикер.

Жылу беру маусымы қарсаңында үгіт-насихат жұмыстары кезінде 9 141 тұрғынға түсіндірме жұмыстары жүргізілген. 2500 жадынама таратылған. Оның ішінде әлеуметтік осал топтарға жататын 116 отбасының тізімі нақтыланған, 116 көмірқышқыл газын анықтайтын құрылғы орнатылған. Жан-жағын жайпап өтіп, қыруар шығынға батыратын өртті болдырмаудың бірден-бір жолы – оның алдын алу. Бүгінде ауданда 704, кентте 163 өрт гидранты орналасқан. Барлығы жарамды күйде, сала мамандарының толық бақылауында.

Аталған бөлім қызметкерлері әр сенбі сайын таңғы сағат 9.00-ден түскі сағат 15.00-ге дейін кент пен ауылдық округтерді аралап, тұрғындарға тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі, газ және электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік туралы түсіндіруде. Сондай-ақ тұрғын үй секторында өрттің өсуіне және адам шығынына жол бермеу мақсатында профилактикалық іс-шараларды жүйелі түрде өткізіп келеді. «Көмірқышқыл газы адам өміріне қауіпті», «Сірінке балаларға арналған ойнышық емес», «Балаларды қараусыз қалдырмау керек» тақырыптарында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жадынамаларды таратуда. Тұрғындардың жылу беру маусымында өрт қауіпсіздік ереже талаптарын қатаң сақтап, оқыс оқиғалардың алдын алу төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерінің басты назарында.

Аталған бөлім қызметкерлерінің жұмысы төрт мезгілде де қызу қайнап жатады. Себебі олар қақаған қыстың аязы мен шілінгір шілденің ыстығына қарамай тұрғындардың қауіпсіздігін күзетеді.

– Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мен № 11 өрт сөндіру бөлімінің кезекшіліктен бос қызметкерлері, еріктілер, полиция бөлімінің қызметкерлері мен жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, күнделікті сағат 13:00-ден 21:00-ге дейін адамдардың белгіленбеген орындарда суға шомылуға қатаң тыйым салынатыны, балаларды жалғыз қараусыз қалдырмау және ішімдік ішіп, мас күйінде шомылуға болмайтыны жөнінде түсіндіріліп, жылда рейд жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ суға шомылуға тыйым салынған орындарға 45 тақтайша және адам көп жиналатын орындарда және елді мекендерде судағы қауіпсіздік тақырыбында 7 бильборд орнатылды, – дейді Е.Назарқұлов.

Спикердің айтуынша, оқыс оқиға көбіне мектеп жасындағы жасөспірімдер мен спирттік ішімдік ішкен азаматтардың ережені сақтамау салдарынан болады. Былтыр су айдындарында 3 азамат оқыс оқиғаға тап болған. Оның 2-еуі – балалар. Ал биыл абырой болғанда суға кету факторы тіркелмеген.

Жыл басынан бері төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлімен жазғы су айдындарында рейд жүргізу барысында ҚР ӘҚБтК-нің 412 бабы бойынша 4 жеке тұлғаға 51 688 теңге айыппұл салынып, уақытылы өндірілген.

– Жаз мезгілі басталысымен аталған мәселе бойынша профилактикалық шараларды барынша күшейтеміз. Әр азамат табиғат аясында демалғанда сақтық шараларын сақтағаны жөн. Жазғы демалыс уақытында барлық білім беру ұйымдарымен, ата-аналармен бірлесіп, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында тиісті шараларды атқарып, тиісті талаптарға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – дейді Еркін Есетұлы.

Иә, қауіпсіздік қаперден шықса, соңы орны толмас қайғымен аяқталуы мүмкін. Сондықтан «Сақтансаң, сақтайды» демекші, сақтық шараларын қатаң бақылауда ұстаған жөн. Апат айтып келмейді, әйтсе алдын алуымыз қажет. Брифинг соңында Еркін Назарқұлов тұрғындарды қарапайым қауіпсіздік ережелеріне құлақ түріп, қаперге алуын сұрады.

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1486

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ